

# Қанаттасым еді

Кейінгі бір жылда ол кісіні ажал хабаршысы - ауру көбірек айналдырды. Шымыр да, ширақ Ысекең көз алдымда босаңси берді, бірақ шығармашылық жұмысты үзбеді. Соңғы шығарған әні Сәкеннің ата қонысы - Ортау аулының 60-жылдығына арналды. Жақсы шықты ән, сөзін мен жазып едім. Осыдан оншақты күн бұрын көңілін сұрай барғанымда: «Менің көрер жарығым таусылып бара жатқан тәрізді», деп үзіп-үзіп айтты. Көңілін аулап, "Жазыласыз" деп едім. Марқұммен 15 жыл бойында

тізе қоса шығармашылық ынтымақта болып едім. Енді, міне, әріптесіме зар болып қалдым. Майда сөзді, жұғымды кісі еді. Сабырлы да, салмақты болатын. Ол туған жерін, қазағын жырлап өтті. Даланың жалықпас жыршысы, бозторғайы еді. Халқына берерін беріп кеткен қанаттасым қайран Ысекең сапарың оң болсын деймін. Артындағы ел-жұртына, бала-шағаңа береке берсін. Қош, асыл досым!

**Өмір КӨРІПҰЛЫ.**

Қазақстанның, Моңғолияның Композиторлар Одақтарының мүшесі, мәдениет қайраткері, бірнеше музыкалық поэмалар, күйлер мен әндердің авторы, Сәкен мен Ақселеуге әуеннен ескерткіш жасаған жерлес композитор ағамыз

## **Ысқақ ТӘУКЕЙҰЛЫНЫҢ**

өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туыстарына көңіл айтамыз.

Жатқан жері торқа, тұрағы пейіш болсын.

**Аппас Жошин, Сәбит Қарашолақов, Тұрар Алтынбеков.**

## **Саз сандықты ала кеттің**

Саз сандықты ала кеттің,  
Қара жердің қойнына.  
Әттең дүние, шолақ екен,  
Жетпей қалды-ау тойыңа.

Сазың қалды қалықтаған,  
Аспанында Алаштың.  
Әлемінде саз өнердің,  
Өзгелерден дара астың.

Арқа төсін дүбірлетіп,  
Тұлпар әнін самғады.  
Жотасында жетпісінің,  
Шаршамады, талмады.

Жырға толған жүрегіңе,  
Жұртың жүрді табынып.  
Сіз ойнаған сырлы сазды,  
Жүреміз мәңгі сағынып...

**Өнердегі қарындасыңыз:  
Жұлдыз ТӨЙБЕК**